

**Жерді бір санаттан басқа санатқа ауыстыру және оларды қорғаныс мұқтажы үшін беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 6 маусымдағы № 579 қаулысы

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 2-бабына және 13-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданының жалпы алаңы 0,0037 гектар жер учаскелері босалқы жер санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жалпы алаңы 0,2937 гектар жер учаскелері қорғаныс мұқтажы үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Өскемен аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығында берілсін.

3. Шығыс Қазақстан облысының әкімі мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

6

м а у с ы м д а ғ ы

№ 5 7 9

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

**Босалқы жер санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған өзге де жер санатына ауыстырылатын жер учаскелерінің экспликациясы**

Р / с №	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы алаңы, гектар	оның ішінде	
			жайылым	басқа да алқаптар
1.	Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданы, Қалбатау ауылдық округі	0,0009		0,0009

2.	Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданы, Жалғызтөбе кенті	0,0028		0,0028
Жиыны:		0,0037		0,0037

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

6

м а у с ы м д а ғ ы

№ 5 7 9

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Өскемен аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесіне тұрақты жер пайдалану құқығында берілетін жер учаскелерінің экспликациясы**

Р / с №	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жалпы алаңы , гектар	Жер учаскесінің мақсатты тағайындалуы	Жер санаты
1.	Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданы, Шуақ ауылы	0,29	Көп қабатты тұрғын үйге қызмет көрсету үшін	Елді мекендердің жері
2.	Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданы, Қалбатау ауылдық округі	0,0009	Ауыз су құбырына қызмет көрсету үшін	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған өзге де жер
3.	Шығыс Қазақстан облысының Жарма ауданы, Жалғызтөбе кенті	0,0028	Электр желісіне қызмет көрсету үшін	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған өзге де жер
Жиыны:		0,2937		